

## 2013 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 22 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 наурызда № 3669 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 01.10.2013 № 177 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

1. 2013 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 2) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) туберкулездік, онкологиялық аурулар, жүрек-қан тамырларының аурулармен ауыратын тұлғалар, адамның иммун тапшылығының вирусін жұқтырған тұлғалар, иммун тапшылығы синдромын жұқтырған тұлғалар;
- 4) маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі өткен тұлғалар .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары **С.Қ. Аққожинаға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қорғалжын ауданының әкімі*

*Қ.Рыскелдінов*